# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №35 (1947) 14 ҚАЗАН 2024 ЖЫЛ




# Ынтымақтастықтың жаңа деңгейі

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Польшаның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Михал Лабендамен кездесу өткізді.**

Тараптар ҚазҰУ мен Польша ЖОО-лары арасындағы байланысты нығайту мәселесін талқылады.

Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтың оқу ордасына жұмыс сапарымен келгенінің мәні зор екенін атап өтіп, жасалатын келіссөз ҚазҰУ мен Польша университеттерінің көпқырлы ынтымақтастығын жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді. Сондай-ақ өз сөзінде ректор бүгінгі жүздесудің өзге кездесулерден ерекше екеніне тоқталды.

«Құрметті елші біздің қара шаңырақ ҚазҰУ-дың түлегі. 1993 жылы Қазақстанға алғаш келіп, 1994 жылы университет студенті атанды. ҚазҰУ-ды бітіргеніне биыл – 25 жыл. Сондықтан елші Михал Лабенданың жоғары оқу орнына жасаған сапарының жөні бөлек. Сондай-ақ қазақ тілінде еркін сөйлейді», – деді ректор.

Жансейіт Түймебаев кездесуде ҚазҰУ мен Польша университеттері арасындағы байланысты нығайту қажет екенін айтып, бірқатар ұсынысын ортаға салды. Ректор болашақта Қазақстан мен Польшаның тарихына арналған қазақ және поляк тілдерінде кітап шығаруға ұсынысын білдірді.

Өз кезегінде Михал Лабенда ілтипат білдіргені үшін ҚазҰУ ректорына алғыс айтты.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Түркологияға арналған кітаптардың тұсауы кесілді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Тіл қазынасы – бірлік негізі» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтіп, түркологияға қатысты бірқатар кітаптың тұсауы кесілді.**



Атап айтқанда ҚазҰУ ректоры, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаевтың «Түркі-моңғол лексикалық параллельдерін тарихи-генетикалық тұрғыдан ажыратудың теориялық қағидалары мен критерийлері» атты монографиялық еңбегі, ақын, ғалым Бекир Чобанзаденің «Тілтұтқа» жинағы, сондай-ақ «Түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктері».

Аталған кітаптар ҚазҰУ мен Түркі академиясының ынтымақтастығы аясында басылып шықты.

Жалғасы 2-бетте

# Қалашықтағы жөндеу жұмыстары пысықталды



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев суперкомпьютер орталығы мен география және табиғатты пайдалану факультетінде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.**

Алдымен ЖОО басшысы суперкомпьютер орталығына барды. Бүгінде орталықта жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Мұнда Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер орналасады. Бұл жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және еліміздің IT-инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Суперкомпьютердің ең жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды.

Орталықтың жалпы аумағы – 227,36 шаршы метр. Аталған ғылыми орталық география және табиғатты пайдалану факультетінің бірінші қабатында орналасқан. Ішкі қасбеті толығымен жаңартылып, соңғы үлгідегі дизайнмен жасалды. Инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымы толығымен ауыстырылды.

Университет ректорына жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы баяндалды.

Кейін Жансейіт Түймебаев «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасына барды. Онда ғимарат алдындағы тас төсеніштері ауыстырылуда.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**






3-бет

Михал ЛАБЕНДА: Мен қазақ тілін жақсы көремін



4-бет

Нұртас Оңдасынов – ерекше тұлға



5-бет

Өзіндік өрнегі бар философ






# «Ядролық ғылым және технологиялар» форумы өтті

**Фараби кітапханасында «Ядролық ғылым және технологиялар» атты V халықаралық ғылыми форумы өтті. Ауқымды шараға әлемнің 15 елінен 300-ге жуық жетекші ғалымдар, инженерлер мен ядролық технологиялар саласындағы сарапшылар жиналды.**

Форум Қазақстанның ғылыми-білім беру өміріндегі маңызды іс-шараға айналды, оның ядролық физика және ядролық технологиялар саласындағы озық зерттеулерді дамытуға және қолдауға деген ұмтылысын көрсетті.

Пленарлық отырыстың ашылуында ҚР ЭМ Ядролық физика институтының (ЯФИ) бас директоры Саябек Сахиев, ҚР ҒЖБМ вице-министрі Дархан Ахмет-Заки, ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Жәмила Айтжанова және т.б. сөз сөйледі.

ЯФИ бас директоры Саябек Сахиев өз сөзінде ядролық зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті.

Вице-министр Д.Ахмет-Заки ядролық зерттеулерді қолдаудағы мемлекеттің рөліне және олардың елдің болашағы үшін маңыздылығына назар аударды. Ол ядролық ғылым мен технологияларды дамыту Қазақстанның мемлекеттік ғылыми саясатының, әсіресе орнықты энергетикалық болашақ пен экологиялық қауіпсіздік контекстінде басым бағыттарының бірі болып табылатынын атап өтті.

Форум барысында Қазақстанның ғылыми мекемелері мен шетелдік әріптестер арасындағы ынтымақтастық туралы бірнеше меморандумға қол қойылды.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



# Түркологияға арналған кітаптардың тұсауы кесілді

Соңы. Басы 1-бетте

Ауқымды шараға Түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев, Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Эврен Мюдеррисоглу, тағы басқа да отандық және шетелдік ғалымдар, түрколог мамандар, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Дөңгелек үстел отырысында Түркі академиясының вице-президенті Асхат Кесікбаев сөз сөйлеп, кітаптардың маңыздылығына тоқталды. «Бүгінгі жаңадан басылып шыққан кітаптар біз бен бауырлас мемлекеттің ғылыми байланысын одан әрі арттыруға үлкен мүмкіндік береді. 2024 жылы Түркі академиясы 64 кітапты жарыққа шығаруды жоспарлады. Академияның бастамасымен ақын, ғалым Бекир Чобанзаденің бірқатар еңбектері алғаш рет қазақ тіліне аударылып, жақын арада оқырманға «Тілтұтқа» деген жалпы атаумен ұсынылады. Жансейіт Түймебаевтың кітабында түркі және моңғол тілдерінің лексикасы семантикалық және морфологиялық деңгейде жан-жақты қаралған. Кітапта автор бұрын зерттелмеген қазақ тілінің тарихи лексикологиясының бірқатар аспектілерін ашқан. Бұл басылым түркология және алтайтануға қызығушылық танытқан барша оқырманға арналған. Соңғы екі жылда Түркі академиясы «Түркі тілдерінің терминологиялық сөздіктері» жобасын жүзеге асырды», – деді Асхат Кесікбаев.




Өз кезегінде ҚазҰУ Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов сөз сөйледі. Сондай-ақ жиында ҚазҰУ профессоры Қансейіт Әбдезұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, филология ғылымының докторы, профессор Элеонора Сүлейменова, Түркітану және тіл теориясы кафедрасының меңгерушісі, профессор Раушан Авакова баяндама жасады.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Шанхай университетімен тиімді ынтымақтастық

**Шанхай саяси ғылымдар және құқық университетінің делегациясы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болды.**

Қонақтарды Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қарсы алды. Ол өз сөзінде халықаралық ынтымақтастық бағытына тоқталып, оның аясында ҚазҰУ Қытай университеттерімен белсенді араласып, бірқатар бірлескен ғылыми-білім беру жобаларын жүзеге асырып отырғанын айтты. Қытайлық әріптестеріне университет қызметіне қызығушылық танытқаны үшін алғыс білдіре отырып, бірінші проректор барлық ұсыныстарды қарастыруға және өзара тиімді әріптестік бағыттарын талқылауға дайын екенін айтты.

Шанхай саяси ғылымдар және құқық университетінің вице-президенті Ло Лиганг өз сөзінде Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатудың маңыздылығын атап өтті. Ол сонымен қатар Шанхай саяси ғылымдар және құқық университеті (SHUPL) туралы әңгімелеп берді. Аталмыш оқу орны 2020 жылы Қытай университеттерінің рейтингінде Қытайдың саяси және заң университеттері арасында 4-орында болды. 1984 жылы ашылған университетте 11 мыңнан астам магистрант, бакалавр, кәсіптік колледж және халықаралық студенттер бар.



**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Қытай баспаханасымен байланыс

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Сиань Цзяотун университетінің делегация құрамымен кездесу өтті.**

Жүздесуде ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасының орынбасары – бірінші проректор Еркін Дүйсенов қонақтарды университет жетістіктерімен таныстырып, қытайлық жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыстардың жүйелі жолға қойылғанын атап өтті.

«Бүгінде ҚазҰУ қытайлық білім ордаларымен қол қойылған келісімдер шеңберінде академиялық, ғылыми зерттеу жұмыстарын белсенді іске асыруда. 2022/23 оқу жылында ҚазҰУ-дың 64 оқытушы-профессорлары ҚХР жоғары оқу орындарында іссапарда болып, алты докторант, екі магистрант және бакалавриат деңгейіндегі алты студентіміз білім алып қайтты. 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін университетте дәріс оқуға ҚХР-дан екі профессор тартылды. Бүгінгі күнде ҚазҰУ-да Қытайдың 969 студенті білім алуда, оның 308-і стипендиялық бағдарлама шеңберінде, 661-і шарттық негізде білім алады», – деді проректор.

Өз кезегінде сөз алған Сиань Цзяотун университеті баспасының бас редакторы Чэнь Ли университет баспасының негізгі қызметімен таныстырып, басылып шығатын өнімдер туралы ақпарат берді.



«Бүгінде біздің баспахана Қытай Халық Республикасы бойынша ең маңызды оқулықтар шығаратын баспахана базасы болып табылады. Баспахана жоғары білім мен ғылыми зерттеу саласын қамтитын мемлекеттік дәрежедегі бірінші баспаханалардың бірі және еліміздегі ең үздік 100 баспахананың қатарына енеді», – деді Чэнь Ли.

Жүздесу аясында тараптар бірлесе ғылыми оқулықтар даярлау мен болашақта баспахана саласында әріптестік орнату бағыттарын жан-жақты талқылады.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Мен қазақ тілін жақсы көремін

**Михал ЛАБЕНДА,**
Польшаның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі:




– Мен алғаш Қазақстанға 1993 жылы келдім. Сол жылы қазақ тілін үйрену үшін Қазақ ұлттық университетінің шетел студенттеріне арналған дайындық бөліміне түстім. Келер жылы жоғары оқу орнына түсер кезде емтихандардың бәрін тапсырып, ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің араб тілі бөліміне оқуға қабылдандым. Ол кезде Қазақстанның тәуелсіздік алғанына небәрі екі жыл болған еді, экономикалық жағдайы өте қиын еді. Әйтсе де менің күні бүгінге дейін есімде қалғаны – қазақ халқы мені ақ көңіл, ашық пейілмен қарсы алғаны. Достарым, таныстарым, ұстаздарым «Қандай көмек керек, ештеңеден қысылып жүрген жоқсың ба?» деп әрдайым бәйек болатын. Әрине, отыз жылдың ішінде барлығы өзгерген. Себебі Қазақстан өте жылдам дамып жатқан ел. Мен бүгін Алматыда біраз серуендедім. Жаңа айттым ғой, көп нәрсе өзгерген деп, тек өзгермегені – тау ғана. Бұрынғыдай ғажап қалпында тұр. Әрине, мен отыз жыл бұрын көрген, таныған Алматы қазір жоқ. Қалалар өседі, өзгереді. Мен осы жолы Қазақстанға келген кезде Юрий Домбровскийдің «Хранитель древностей» кітабын оқып шықтым. Орыс тілінде жазылған кітап. Автор өткен ғасырдың 30-жылдары Алматыға жер аударылған. Осы қала туралы жазған. Айтайын дегенім, сол автор жазған, мен көрген Алматы қазір мүлдем басқа. Алматының осылай қарыштап дамып жатқанына өте қуаныштымын. Өйткені бұл қала заманауи шаһар. Алайда мен отыз жыл бұрынғы Алматыны сағынамын. Аңсаймын. Менің жастық шағым, өмірімнің ең бір қызықты кезеңі осы жерде өтті. Ол кезде қала сондай тыныш еді. 1993-99 жылдар арасында көп достар таптым. Курстастарым, топта бірге оқыған қыз-жігіттермен күні бүгінге дейін хабарласып, араласып тұрамыз. Олар 50 жастағы ересек адам сияқты емес, сол баяғы бірге жүрген жастық шағымыздағыдай, 22-23 жастағы қыз-жігіттер сияқты. Олардың арасында ұстаздар бар, Алматы мен Астанада, шетелдерде қызмет етіп жүргендер көп.

Әрине, қазақ тілін бірден қағып алып үйрендім десем артық болар. Қазақ тілі еуропа тілдеріне мүлде ұқсамайды. Оның үстіне өте көркем, өте бай тіл. Студент кезімде №15 жатақханада тұрдым. Бұл жатақханада оралмандар, қазір енді қандастар деп жүрміз ғой, сол қандастарымыз көп болды. Олар орысша білмейтін. Бұл маған жақсы болды, олармен тіл табысу үшін қазақша сөйлеуге мәжбүр болдым. Маған тілімді сындыруға бұл өте жақсы көмектесті. Шынымды айтсам, маған қазақ тілі өте ұнайды. Ал тілді ұмытпауымның бір себебі – мен қызметте де, дипломатиялық қарым-қатынаста да қазақ тілін қолданамын. Жүрген-тұрған жерімде тілді ұмытпау үшін қазақтармен аралас-құралас болдым. Оның үстіне қазір, құдайға шүкір, қазақ тіліндегі контент те көбейді. Әлеуметтік желіден қазақша ақпарат, жаңалық оқып тұрамын. Мәселен, инстаграмда менің қазақша арнам бар. Соған жазылыңыздар, қазақша коммент жазыңыздар. Егер қате тауып алсаңыздар, ұсыныс-пікірлеріңіз болса, жазыңыздар, риза боламын.

Қазақстанда білім алып, еліме оралғаннан кейін Сыртқы істер министрлігінде қызмет еттім. Сол кезде бір орынға 14 адам үміткер болды. Құдайға шүкір, жиған білімімнің арқасында байқаудан қиналмай өттім. Одан кейін Жапонияға қызметке бардым, бір жыл жапон тілін оқыдым. Содан соң Өзбекстан еліне елшілікке қызметке келдім. Әзірбайжан, Моңғолия, Мысыр елдерінде елші болдым. Енді, міне, Қазақстанға жолым түсіп, келіп қалдым. Қазақстанға мені жібергені үшін өз елімнің сыртқы істер министріне дән разымын. Қыркүйектің 18-інде Қазақстанға аяғым тиді. Әрине, қызметте болған барлық елде сол елдің тілін меңгеріп алдым деп айта алмаймын. Мысалы, Моңғолияда болғанымда байқағаным, моңғол тілі өте күрделі тіл. Бұл тілдің дауысты дыбыстарын мүлде ести алмаймын. Жазылуы да ерекше. Сондықтан меңгеру өте қиын. Ал Қазақстанда шығыстануды оқығаннан кейін араб әдеби тілін жақсы білемін. Арабтілділер ішінде Кувейт диалектісін түсіну қиын, сол сияқты қырғыз тілі де солай, қазақша білгендіктен қырғыз тілін түсінемін, бірақ сөйлей алмаймын. Ал әзірбайжан тілін меңгердім. Соған қарағанда, менің нақты білетінім алты-жеті тіл.

Алматы – Қазақстан экономикасындағы ең маңызды қала. Қазақстанға келгелі үш апта ішіндегі алғашқы сапарым Алматыдан, ҚазҰУ-дан басталды. Енді өзім ҚазМУ түлегі болғандықтан, маған бұл оқу орны өте ыстық. ҚазҰУ – жүрегіме ең жақын, жайлы, көркем мекен. Мен бүгін оқу орнының басшысы Жансейіт Қансейітұлымен болған кездесуде де айттым, университетаралық байланысты дамытуға мүмкіншілік көп. Білім беру, ғылымды дамыту бойынша ынтымақтастықты жетілдіруге, бұйырса, көңіл бөлеміз. Екі мемлекеттің оқу ордалары арасында түрлі жобаларды дамытуға болады. Ғалымдардың ғылыми баскосуларын ұйымдастырып, білім алушыларға қос диплом беру жобасын ашуға мүмкіндіктеріміз өте зор. Келешекте, құдай қаласа, мұның бәрі болады. Сөз соңында айтарым, биыл Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрылғанына 90 жыл толып жатыр екен. Құтты болсын! ҚазҰУ әлем таныған университеттердің қатарына қосылып, студенттердің саны, нәтижелері жоғарылай берсін. Шәкірттеріңіз мен сияқты әрдайым жылы, шуақты естелік айтып жүрсін.

**БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:**

**Михал Лабенда 1974 жылы 10 қыркүйекте Вроцлав (Польша) қаласында туған. 1993 жылы Еленя Гура қаласындағы Стефан Жеранский атындағы жалпы білім беретін, неміс тілін тереңдетіп оқытатын лицейді үздік бітірген. Одан кейін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алдымен шетел студенттеріне арналған дайындық бөлімінде оқып, 1994 жылы ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің араб тілі бөліміне түскен. 1999 жылы оқу ордасын бітіріп, шығыстану мамандығы бойынша «шығыстанушы-филолог, араб тілі мен әдебиетінің оқытушысы, аудармашы-референт» квалификациясын алып шыққан. 2006 жылы Варшава университетінің Тіл білімі институтында докторлық диссертациясын қорғаған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды бітіріп шыққаннан кейін Польшаның сыртқы істер министрлігінде қызмет еткен. Өзбекстандағы Польша елшілігінде, Польша мемлекетінің Мысыр елиндегі, Судан Республикасындағы, Әзірбайжандағы, Түрікменстандағы, Моңғолиядағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарған. Таяуда Польша мемлекетінің Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі болып тағайындалды.**

**Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

# Бәсекеге қабілетті кәсіби маман даярлаймыз

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауында білім беру саласына қатысты маңызды міндеттер, жаңа мақсаттар белгіленді. Бұл жолдаудың негізгі басымдықтарының бірі – білім сапасын арттыру, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу және білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін нығайту.**

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақ ұлттық университеті еліміздің ең беделді оқу орындарының бірі ретінде өз міндетін айқын түсініп, білім беру стандарттарын жоғарылату мен жаңа әдістемелерді енгізу арқылы өзінің үлесін қосуда. Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын, инновациялық жобаларын қолдауы мен білім беру әдістерін жаңғыртуы Президенттің жолдауындағы білім беру сапасын арттыру мақсаттарымен толық сәйкес келеді. ҚазҰУ-дың оқу бағдарламалары мен оқу процесі жаңа талаптарға сай жаңартылуда. Олардың мазмұны студенттерге сапалы білім мен дағдыларды ұсынуға бағытталған.

Соңғы жылдары университетте бірнеше жаңа зертханалар мен техникалық орталықтар ашылды. Бұл жаңартулар білім беру мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға, сондай-ақ студенттер мен зерттеушілерге заманауи құралдар мен ресурстарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Биылғы жолдауда бұған қоса, әлеуметтік мәселелерге де ерекше назар аударылды. ҚазҰУ-дың әлеуметтік жауапкершілігі мен студенттердің әлеуетіне қатысты ұстанымдары Президент жолдауындағы міндеттермен үндес. Университет әлеуметтік инклюзияны, студенттердің психологиялық және қаржылық қолдауларын қамтамасыз ету мақсатында түрлі бағдарламалар мен жобаларды іске асырып келеді. Бұл жобалар студенттердің білім алу процесін жеңілдетуге, олардың өмір сапасын жақсартуға және оқу барысында кездесетін қиындықтарды жеңуге көмек береді.

Тағы бір айтқым келгені, ҚазҰУ қазіргі заманғы талаптарға сай білім алушылардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ жаңа кәсіби мамандарды даярлауға күш салуда.

ҚазҰУ-дың барлық деңгейдегі білім беру процесін жетілдіруі және жаңа сын-қатерлерге тиімді жауап беруі елдің білім беру саласын одан әрі дамытуға бағытталған маңызды қадамдары саналады. Университеттің стратегиялық жоспары мен жаңартулары еліміздің болашағына деген сенімділікті арттырады және Қазақстанның білім беру саласындағы халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

Қорыта айтқанда, Қазақ ұлттық университеті Президентіміз Қ.Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауында аталған тапсырмаларды іске асыруда алдыңғы қатарда болып, еліміздің білім беру жүйесін дамытуға бағытталған маңызды жұмыстарды жалғастырады. Жаңа кезеңге дайындық аясында оқу ордасының стратегиялық бастамалары мен жаңартулары елдің білім беру саласында серпіліс жасауға мүмкіндік береді.

**Айша БЕГАЛИЕВА,
Самал САҒНАЙҚЫЗЫ**
*ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары*

№35 (1947) 14.10.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ WWW.FARABI.UNIVERSITY

**Қазақстанның кеңестік кезеңінде ел үшін еңіреп, жұрт үшін жұмылып, халық үшін қалтқысыз қызмет еткен басшылар аз болған жоқ. Солардың бірі және бірегейі есімімен елге танымал, мемлекет және қоғам қайраткері, биыл 120 жасқа толып отырған Оңдасынов Нұртас Дәндібайұлы еді.**

# Нұртас Оңдасынов – ерекше тұлға

Нұртас Дәндібайұлы 1904 жылы 26 қазанда Түркістанда дүниеге келді. Балалық шағында ауыл молдасынан арабша төте жазудан дәріс алып, қисса және дастандар оқып, ұлттық рухта тәрбие алды. Балалық және жастық шағы 1917 жылғы екі бірдей төңкеріс, 1918-20 жылдардағы азамат соғысының отты жылдарына сәйкес келді. Үш-төрт жасында анасынан, 13 жас шамасында әкесінен жастай айырылды. Балалық шағы Кеңес өкіметінің құрылып жатқан тұсында, қоғамның бір формациядан екінші формацияға өтіп, халық ештеңені түсініп, біліп жатпаған өтпелі кезеңде өтті. Бұл кезде солақай саясат халықты аштыққа ұрындырды, ел күнкөріс, бір үзім нан үшін басы ауған жаққа босып кетті. Ол да көппен бірге Ташкент ауып кете барды. Нұртас 1920-22 жылдары Ташкенттегі №14 мектеп-интернатта тәрбиеленді. Онда орыс тілінен Ғани Мұратбаев, араб тілінен Әмин Жүсіпов дәріс берді. 1921 жылдың сәуір айында Ғани Мұратбаев ұйымдастырған комсомол ұйымына мүшелікке қабылданды.

Мектеп-интернатты тамамдағаннан кейін, 1923-27 жылдар аралығында ол Ташкент орман шаруашылығы техникумында білім алды. 1927-30 жылдары Қызылорда, Жамбыл және Шымкент қалаларында Су шаруашылығы мекемесінің қызметкері болды. Жас кезінен алғыр, зерек жас жігіт 1930-34 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетіне қарасты Ирригация институтында оқыды. Ал 1934-38 жылдары Қазақ орман шаруашылығы басқармасында орынбасар, кейінірек басшылық қызмет атқарды. Ол қызмет бабымен өрлеп, 1938 жылы Шығыс Қазақстан (Семей) облыстық атқару комитетіне төраға болып тағайындалды.

1938 жылы шілде айында Н.Оңдасынов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің мүшелігіне өтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясында Қазақ КСР Үкіметінің (Халық комиссарлар кеңесінің, кейін Министрлер Кеңесінің) төрағасы болып тағайындалды. Бұл қызметті ол 1951 жылдың қазан айына дейін атқарды.

Қиын және ауыр кезеңдерде 13 жыл бойы Үкімет басшысы болған ол елдегі сауатсыздықты жоюға кірісті. Оның тұсында шалғай аудандарда мұғалімдерді даярлау бойынша училищелер мен курстар, облыс орталықтарында мұғалімдер институттары ашылды. Қазақстан ОК бюросының мүшесі ретінде Н.Оңдасынов мәдениет мәселелеріне жауапты болды.

Оның есімі Қазақстанның даму кезеңімен тығыз байланысты. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, ұлттық консерватория, дене шынықтыру институты, политехникалық және технологиялық институттар ашылып, медицина институтында, шет тілдер институтында факультеттер кеңейтілді. Абай атындағы Опера және балет театры құрылысының аяқталуын тікелей өзі бақылап, облыстық театрлардың, филармонияның, ән және би ансамблі ашылуының бастамашысы болды.

Қазақстанда дербес ғылым академиясын құруға көмектесті. Соғыс жүріп жатқанына қарамастан, Н.Оңдасынов ғимараттың құрылысына қаражат бөлді. Ол кезде Ғылым академиясын Қ.Сәтбаев басқарды. Н.Оңдасынов Қ.Сәтбаевтың баспасөзде ғылымның болашағы туралы айтқан ойы ұнады және оны жақынырақ білу үшін Қ.Сәтбаевты Мәскеуге шақырды. Кездесіп, әңгімелесіп, Н.Оңдасынов оны КСРО Ғылым академиясының президенті В.Комаровқа апарып, Қ.Сәтбаевты Қазақ ғылым академиясының болашақ президенті ретінде таныстырды.

1942 жылдың басында Рудный Алтай мен Лениногорға іссапармен келген Н.Оңдасынов білімді әрі салмақты азамат Дінмұхамед Қонаевты кездестірді. Алматыға оралып, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Н.Скворцовпен ақылдаса келе, Д.Қонаевты орынбасары етіп шақырды. Д.Қонаев 10 жыл Н.Оңдасыновтың орынбасары болды.



Н.Оңдасыновтың іскерлігі мен жоғары жауапкершілігі халық басына қиын күн туған, әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарында байқалды. Ол Үкімет басшысы ретінде радио мен баспасөз беттерінде халықты фашист басқыншыларына қарсы жан аямай күресуге шақырды. Бұдан кейін барлық өндіріс орындары мен мекемелерде, ауыл мен кенттерде митингі өткізіліп, халықтың күш-жігерін майдан мүддесіне, жауды жеңу мақсатына жұмылдырылды. Республикадан атқыштар және атты әскер бригадалары жасақталды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстаннан шақырылған азаматтардан 316-шы атқыштар дивизиясы жасақталды. Бұған қоса, алғашқы үш ай ішінде 238-ші, 310-шы, 314-ші, 357-ші және 391-ші атқыштар дивизиясы құрылып, Нұртас Оңдасынов олардың алдында сөз сөйлеп, майданға шығарып салды.

Бұдан басқа, Қарағанды металлургиясын, Мойынты-Шу теміржолын, теріскейге теміржол тарту, еліміздің мұнай-газ саласын игеруге ұйытқы болды. 1951-53 жылдар аралығында Мәскеудегі Кеңес Одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. 1954 жылы наурыз айында Қазақстан Жоғарғы Кеңесі президиумының (Төралқасының) төрағасы болып сайланды.

Бұл қызметтен қалың бұқараға жақынырақ жерге сұранып, кейінгі жеті жыл (1955-62) өмірін Гурьевте (Атырауда) өткізді. Қазақстанның болашақ мұнай державасы ретінде қалыптасуында Н.Оңдасынов ерекше рөл атқарды. Онда екі жыл Халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағасы, бес жыл Қазақстан КП облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерінде болып, зейнеткерлікке шықты. Сөйтіп, Н.Оңдасыновтың 25 жылдай өмірі кеңестік партия қызметінде өтті.

Н.Оңдасыновтың қайраткерлігі КСРО басшысы Н.Хрущевқа ұнамай, екеуі қызмет барысында жиі-жиі келіспеушілікке барған. Нәтижесінде 1962 жылы Оңдасыновты Гурьев (Атырау) облысы басшылығынан 58 жасында кетіруге Н.Хрущев құпия тапсырма берген. Өйткені екеуі үш мәселеде келіспей қалған. Ұлт қайраткері бірінші – тың игеруге, екінші – Оңтүстік Қазақстан аудандарын Өзбекстанға беруге және үшінші – Маңғыстау мұнайын игереміз дегенде, Хрущев Сібір мұнайын игереміз, Маңғыстау мұнайының қажеті жоқ деп айтысып қалған. Кеңестік қызыл империя басшысына пікірін ашық айтып, қарсы шыққаны үшін оның қырына іліккен. Бірақ одан тайсақтап, кешірім сұрап иілмеген. Ұлттық мүддені қорғай білген азамат. Сол себепті оны ертерек зейнеткерлікке шығартуға астыртын әрекет жасалған.

Он үш жыл Қазақстан үкіметін басқарған Н.Оңдасынов: «Мен үш нәрседен тазамын. Біріншіден, сонша жыл ел басқарған кезімде біреуге өтірік жала жауып, қиянатқа барған емеспін, біреуден бір сом да пара алған емеспін – қолым таза! Екіншіден, 1937-38 жылдардағы қаралы күндерде боздақтарды атып жатқанда бір қағазға қол қойған емеспін – арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген емеспін – жүзім таза!» – деген сөздерімен ар алдында ақ екенін, өзінің адал қызмет атқарғанын айтып кетті.

Н.Оңдасынов араб, парсы тілдерін жақсы білді. 1962 жылы зейнетке шыққаннан кейін ол шығармашылықпен айналысты. 1969 жылы оның «Араб-қазақ түсіндірме сөздігі», 1974 жылы «Парсы-қазақ түсіндірме сөздігі» жарық көрді. 1989 жылы қайтыс болғанға дейін осындай үлкен ғылыми жұмыстармен айналысты. Н.Оңдасынов үш Ленин орденімен және екі «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, көптеген медаль және құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ол Үкіметті басқарған он үш жыл ішінде Мәскеуден түскен бұйрықты бұлжытпай орындап отыратын қызметкер емес, халық игілігі үшін күрмеуі көп күрделі мәселелер мен игі бастамалар көтеріп, оны шеше білетін қайраткерге, есімі ерекше тұлғаға айналды.

**Болат САЙЛАН,**
*тарих ғылымының докторы, профессор*

---

**Фараби халықаралық бизнес мектебі School Girls Power қоры жүзеге асырған Accelerate жобасын қолдады.**

# Бизнес мектебі кәсіпкер әйелдерді қолдады

ACCELERATE бағдарламасының негізгі мақсаты – шағын және орта бизнеске ниелік ететін 300 жас әйелді цифрлық және іскерлік дағдыларға үйрету және тәлімгерлік көрсету, сондай-ақ олардың қолданыстағы бизнесін жақсартуға және кеңейтуге көмектесу, нәтижесінде жұмыс орындарын көбейту және табыс деңгейін арттыру.

Бағдарлама Орталық Азияның үш елінен келген кәсіпкер әйелдерге қолжетімді болды: Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан. Ұйымдастырушылар бағдарламаға қатысу үшін 1509 өтінім қабылдап, олардың ішінен 351 қатысушыны іріктеді.

Бизнес-мектептің оқытушылары, соның ішінде FIBS директорының орынбасары Қиял Түкембаева және бизнес-тренерлер Мұрат Жәкішев пен Кубат Чопиев екі ай бойы апта сайын Zoom платформасында «Бизнес ауқымын кеңейту», «Қаржылық басқару» және «Кәсіпкерлік дағдылар мен тұлғалық даму» пәндері бойынша сабақтар өткізді. Сонымен қатар әрбір оқытушы 10-12 адамнан тұратын екі тәлімгерлік топты басқарып, топтық және жеке тәлімгерлік сессиялар өткізді.




Бағдарлама аяқталғаннан кейін 300 қатысушы сертификат алды, ал олардың 13-і инвестиция алу үшін соңғы питчингке өтті. Осы жобаны қолдау арқылы Farabi International Business School Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің дамуына елеулі үлес қосты. Бұл туралы Girls Power тәуелсіз қорының аталған бағдарлама ұйымдастырушысы жолдаған алғыс хатта атап өтілді. Ал бағдарлама қатысушылары әлеуметтік желілерде және Farabi International Business School-дың әрбір оқытушысына жеке алғыстарын білдірді.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

**Биыл елімізде ҚР Еңбек министрлігінің 11 маусымдағы бұйрығымен 1 қазан – Қазақстан Республикасы жоғары білім қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып белгіленді. Жоғары білім саласы елімізде ғылым мен білімнің дамуына, сондай-ақ тәрбие мен мәдениетті болашақ жас мамандардың санасына сіңіруде ерекше ықпал ететін басты күш болып саналады.**

# Әріптес мерейі



Бұл мереке еліміздегі жоғары білім беру саласында қызмет ететін ғылыми дәрежелері мен ғылыми атақтары бар, сондай-ақ жоғары оқу орындарында ұстаз болып жұмыс істейтін мамандардың рөлін, атақ- абыройын көтеруде зор ықпал етеді. Алғаш рет мерекені еліміздегі 120 жоғары оқу орнында еңбек ететін 37 мыңнан астам оқытушы-профессор атап өтті.

Осы мерекеге орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев университетіміздің бірнеше оқытушы-профессорларын арнайы марапаттады. Ректор қолынан марапат алған ұстаздар арасында тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, кафедра меңгерушісінің оқу және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Еділ Ноянұлы да бар.

Елімізде алғаш рет аталып өткен кәсіби мереке күніне орай Е.Ноянові марапатқа ие болуы заңдылық деп санаймыз. Ол биыл, біріншіден, асқаралы алпыс жасқа келсе, екіншіден, өзі тамамдаған университетіндегі ұстаздық жолына 30 жыл толды. Ол өте білікті, тәжірибелі маман ретінде кафедрада ғана емес, факультет көлемінде де зор беделге ие. Факультеттің оқытушы-профессорлары, сонымен бірге студенттер арасында да танымал әрі сыйлы тұлға. Оқу орнындағы жұмысын ерекше қадірлейтін Еділ Ноянұлы жұмысқа ерте келіп, үйіне кеш қайтады. Кафедрадағы оқу үдерісін жоспарлап, оны ұйымдастыру, студенттер арасында мәдени-тәрбие шараларын жүргізу секілді күнделікті шараларда бастама көтеріп, алдыңғы саптан көріну оның қанына сіңген әдет. Демек, университет ректорының әріптесімізді жоғары білім қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен алғашқы болып марапаттауын өте орынды, өте әділ шешім деп түсінеміз.

Біз де әріптесімізді кәсіби мерекемізбен құттықтап, зор денсаулық, амансаулық, бақыт пен береке және шығармашылық табыс тілейміз.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**
*Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, академик*

**Фараби кітапханасында қара шаңырағымыздың 90 жылдығына және университетіміздің көрнекті философ-ғалымы, ұлағатты ұстаз Зейінәбіл Айдарбековтің туғанына 60 жыл толуына орай, «Цифрландыру ғасырындағы жастардың идеялық-құндылық бағдарлары: ерекшелігі, басымдықтары және тұлғаның әлеуметтенуіне әсері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді.**

# Өзіндік өрнегі бар философ

Мақсатты конференция мынадай бағыттарды қамтиды:

• Қазіргі өркениеттің құндылықтық дағдарысы, оның Орталық Азияға әсері және одан арылу шарттары: қайнар көзі, негізгі салдары және ықтималды даму көкжиегі.

• Дүниетанымдық бағдарлар дағдарысы және қазіргі әлемдегі жастарды зерттеу: дүниетаным, әдіснама, тәжірибе.

• XXI ғасырдың жаһандық сынталаптары: қоғамның әлеуметтік дамуын қайта құрудың философиялық, мәдени-тарихи, құқықтық және саяси мәселелері.

• Білім берудегі цифрландыру: цифрлық технологиялар әлеміндегі жастар.

